

МККК №20 “Дидар” балабақшасының 2024-2025 оқу жылының
№1 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы: №1 «Жаңа 2024-2025 оқу жылы балабақша
табалдырығында»

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту
жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық
жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру
процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
Жаңа оқу жылына серпін беру.

Өткізген күні: 28 тамыз 2024 жыл

Қатысқан: 30 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісі Туребаева Д.Т. алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру
2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту;
жылдық мақсат пен міндеттерді;
оқу жоспарларын бекіту;
ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі;
перспективалық жұмыс жоспарлары;
таңғы жаттығу кестесі;
күн тәртібі кестесін бекіту
тәлімгерлік жұмыс;
4. Психологиялық тренинг
5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту,
комиссияның құрамын сайлау.
6. Коучинг «Мен 2024-2025 оқу жылы...»
7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті.
Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.Т.Туребаева сөз
алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу
жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Х. Жанзакова педагогтарға топқа
бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау
жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым, үшінші топ:
«Балабақша – мейірім мекенім» тақырыбына интелект карта
жасауды сұрады. жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды

жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды және балабақша мейірім мекені болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы орта ұйымдастырудың қажеттілігі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Балабақшаның жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша психологі Атағалиева Н.Ж. балалардың балабақша өміріне тез қалыптасуы туралы мәлеметтер беріп, әр педагогтерге “Бала, ата-ана және балабақша” тақырыбында кеңестер берді. Ортаңғы топтардың тәрбиеленушілерін жеке диагностика зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жалпы бақылау, сараптау әдістерін қажет ететіні туралы айтылды. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамы сайланды. Және кәсіподақ төрайымы тәрбиеші Нарбаева Г.Ж. бекітілді.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Жанзакова Ж.Х. коучинг өткізді. Педагогтарға интелект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті. «Мен 2024-2025 жылы...» деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті. Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды. Балабақша психологы Атағалиева Н.Ж. педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Шешімі:

1. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҮІӨ-тер дайындықпен жүргізілсін.
2. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.
3. Балабақшада ата-аналар мектебі жасақталсын.
4. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын



Төрайымы

Туребаева Д.Т

Хатшы:

Себенова А.С

**МКҚК №20 “Дидар” балабақшасының 2024-2025 оқу жылының
№2 педагогикалық кенесінің хаттамасы**

Тақырыбы: Заттық дамытушы ортаны дамыту және тиімді қолдану

Мақсаты: балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімді өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Міндеттері:

- балаларды жан-жақты және үйлесімді ерте жастан дамыту үшін жағдайлар жасау және оның мектепке дейінгі жаспен сабақтастығы;
- балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырудың педагогикалық барысын формалармен және әдістермен жетілдіру;
- аталған бағыт бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда түрлі үлгілерді жасауға мүмкіндік беру, педагогтардың шығармашылық әл-ауқатын жетілдіру.

Өткізген күні: 01.11. 2024 жыл

Өткізу түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: меңгеруші, педагогтер

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиелеу -білім беру процесін ұйымдастыру
Әдіскер Жанзакова Ж.Х
2. “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының жаңартылған мазмұны
Куандыкова Г.Ы.
Нарбаева Г.Ж.
3. Заттық -дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру
№3,7,8 топ тәрбиешілері
4. «Ата-ана, бала және балабақша арасындағы қарым- қатынас орнату барысындағы жұмыстың бағыттары»
Бақытжан А.А.,Нұрлан Ұ.М
5. «Музыка өнерін игерудің теориялық және тәжіребиелік дағдысы»
Музыка жетекшілері
6. Бес дағдылар бойынша ойын түрлерінің көрмесін ұйымдастыру:
1)Физикалық қасиеттерді дамыту -Крыжановская Е.А
Бурибаева А.С

- 2) Коммуникативтік дағдыларды дамыту-Бисенгалиева Ж.Н
Себенова А.С
- 3) Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту-Жумашова М.Х
Кабулова Н.У
- 4) Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекетін дамыту-
Бахбергенова З.М
Атағалиева Н.Ж
- 5) Әлеуметтік -эмоционалды дағдыларды қалыптастыру-
Ермагамбетова Ш.М
Игисинова Б.К

7. Психологиялық тренинг

2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңес отырысының шешімдерінің орындалу барысында балабақша меңгерушісі Д.Т.Туребаева мәлімдеме жасады. Барлық құжаттар уақытылы тапсырылды және бекітілді. Ата-аналар мектебінің мүшелері “Біртұтас тәрбие” бағдарлама аясында жоспарланған іс-шаралармен жұмыстануда

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Х. Жанзакова биылғы оқу жылындағы нормативті құжаттарға енгізілген өзгерістермен таныстырды. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа ала отырып жұмыстанатынымызды мәлімдеді. Стандартқа енгізілген өзгерістермен таныстырып өтті. Және де «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама). ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу -білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Ол құжатта Нормативті - құжаттар тізбесі берілген. Тәрбиелеу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері, Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруға қайылатын талаптар, мектепалды тобының педагогтарына қойылатын талаптар, мектепке дейінгі білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету, перспективалық жоспар (1-қосымша), циклограмма (2-қосымша), баланың жеке даму картасы (3-қосымша) ұсынылғандығын, тәрбиелеу процесі ойын түрінде өткізілуі тиіс екендігін, балалар топта талапқа сай жасақталған заттық-дамытушы ортада жұмыстану туралы мәліметтер берілді.

Екінші мәселе бойынша “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының жаңартылған мазмұны туралы тәрбиешілер Куандыкова Г.Ы. және Нарбаева Г.Ж. баяндама оқып, презентация арқылы түсіндірмелі жұмыстар жүргізді. “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылып, ата-аналар мектебі өз жоспары бойынша жұмыстануда.

Үшінші мәселе бойынша Заттық - дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру турлы мәліметтерді №3,7,8 топ тәрбиешілері бейнеролик арқылы топтағы күнделікті күн тәртібімен жүргізілген дағдыларын көрсету арқылы баяндаманы оқыды. Өздерінің іс тәжірибесімен педагогтерге көрсетіп, заттық дамытушы ортаның салыстыру мақсатында балалардың үнін есту арқылы, еркін жіберуге және де қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жұмыстанады

Төртінші мәселе бойынша «Ата-ана, бала және балабақша арасындағы қарым- қатынас орнату барысындағы жұмыстың бағыттары» туралы баяндамашылар Бақытжан А.А., Нұрлан Ұ.М барлық ата-аналардан сұхбаттасу арқылы брифинг өткізді.

Бесінші мәселе бойынша «Музыка өнерін игерудің теориялық және тәжірибиелік дағдысы» туралы Плотенко И.М және Курмангалиева А.Р өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Жас ерекшеліктеріне байланысты музыкалық дағды ойындармен ойнаты отыра, тәрбиелік пен білім дағдыларын меңгерту болады екені дәлелдеді.

7. Алтыншы мәселе бойынша -Бес дағдылар бойынша ойын түрлерінің көрмесін ұйымдастыру: Жас ерекшеліктеріне байланысты көрмелер ұйымдастырылды. Жауапты педагогтер дағдылар бойынша қызықты ойындармен бөлісті

Шешімі:

1. Тәрбиелеу-білім беру процесі күнделікті орындалсын.
2. “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында шаралар жүргізілсін.
3. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.

Төрайымы:



Туребаева Д.Т

Хатшы:

A. Sebenova

Себенова А.С

**МКҚК №20 “Дидар” балабақшасының 2024-2025 оқу жылының
№3 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын және салауатты өмір салтын сақтауға қалыптастыру»

Мақсаты: Денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет.

Өткізген күні: 31.01. 2025 жыл

Өткізу түрі: шеберлік сағаты

Қатысқандар: меңгеруші, педагогтер

Күн тәртібі:

5. Баланың денсаулығы, дамуы және қозғалыс белсенділігі.

Дене шынықтыру нұсқаушылықтары

6. Жұқпалы аурулардың алдын – алу шаралары

Медбике

7. Физикалық қасиеттерді дамытуға арналған ойындар

Ортаңғы топ тәрбиешілері: Бисенғалиева Ж.Н

Куандыкова Ғ.Ы.

Нарбаева Г.Ж

Ересек топ тәрбиешілері: Мукатова Ж.Б

Кужанова К.К.

Зеленцова Н.А.

Мектепалды топ тәрбиешілері: Бахбергенова З.М.

Игисинова Б.К.

Жумашова М.Х

Крыжановская Е.А

Сергалиева К.П.

4. Ағымдағы мәселелер

2024-2025 оқу жылының №2 педагогикалық кеңес отырысының шешімдерінің орындалу барысында балабақша меңгерушісі Д.Т.Туребаева мәлімдеме жасады. Тәрбиелеу -білім беру процесі, күнделікті күн тәртібі өз деңгейінде жүргізілуде. Заттық -дамытушы орта ұйымдастыру процесі қажетті құралдармен жабдыкталуда.

Бірінші мәселе бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы Бурибаева А.С -баланың денсаулығы ,дамуы және қозғалыс белсенділігі туралы кеңестер берді.«Салауатты өмір салты дегеніміз- адамның өмір сүруі үшін қажетті іс-әрекеті мен қызметіндегі ақыл, зерделілігін, парасат, байсалдылығын, сабырлы сана-сезімін, жалпы адамның рухани деңгейін көрсететін жеке тұлғалық мінез-құлық нормасы мен өмір сүру тәсілінің жүйесі», -дейді. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда салауаттылық туралы білім, іс-әрекет және дағдыларды игеру жөнінде арнайы нақтылы бағыт болуы аса маңызды екенін айтады.

Дене шынықтыру жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы нақ көрінеді., сондықтан дене тәрбиесі күнделкті қажеттілік болумен қатар денсаулықтың, шыдамдылықпен тез қимыл іс әрекеттің символы болып табылады

Баланың ой-өрісінің жан-жақты дамуына ойын элементтерін дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу қызметіне аз-аздан еңгізе отырып, келесі сәтте ойлану ойындарына өтіп оқу –тәрбиелік процесінде жалғастырған жағдайда ол өз жемісін береді.

Екінші мәселе бойынша “Жұкпалы аурулардың алдын – алу шаралары” тақырыбында балабақша медбикесі Куатова Р.О кеңестер оқып, түсіндірмелі жұмыстар жүргізді. Әр топқа ата-аналарға жадынамалар таратылып берілді

Үшінші мәселе бойынша Физикалық қасиеттерді дамытуға арналған ойындар жас ерекшеліктеріне байланысты таңдалып, топ тәрбиешілері өздері бірлесіп қимылды ойындардымен бөлісті. Балабақша жасындағы балалардың физикалық белсенділігі олардың денсаулығына, дұрыс өсуіне және дамуына ықпал етеді. Бұл жастағы балаларда сүйек-бұлшықет жүйесінің дамуы, моторикасының жетілуі, қозғалыс дағдыларының қалыптасуы маңызды болып табылады. Балабақшадағы физикалық белсенділік — балалардың жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, бұлшықет және жүйке жүйелерінің дұрыс дамуын қамтамасыз ететін тиімді әдіс болып табылады. Балабақшадағы физикалық белсенділік әртүрлі қозғалыс ойындары мен жаттығуларды қамтиды. Бұл ойындар балалардың дене күшін, ептілігін, жылдамдығын дамытуға көмектеседі.

Ағымдағы мәселелер: “Ертегілер елінде” апталығының қорытынды туралы меңгеруші

Шешімі:

1. Баланың денсаулығы ,даму және қозғалыс белсенділігі үнемі қадағалансын
- 2.Ата-аналарға денсаулық туралы ақпараттар берілсін
- 3.Физикалық дағдыларды дамыту ойындары ҰІӨ қолданылсын



Торайымы:

Туребаева Д.Т

Хатшы:

A. Sebenova

Себенова А.С

МКҚК №20 “Дидар” балабақшасының 2024-2025 оқу жылының
№4 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы: “Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық құндылық қабілеттерін дамыту”

Мақсаты: Болашақ қазақ халқының ұрпақтарына еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру. Бала тәрбиесі дәстүрлерінің өзекті негіздері: тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани-мәдениетке тәрбелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу. Ұлттық рухының кемелдене түсіп, туған халқына қызмет ету бағытындағы парызылық қасиетінің қалыптасуына бағдар беру.

Өткізген күні: 28.03. 2025 жыл

Өткізу түрі: іс-тәжірибемен бөлісу
Қатысқандар: меңгеруші, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Балабақшадағы ұлттық ойындардың маңыздылығы
Әдіскер Жанзакова Ж.Х
2. Тіл байлығы мен сөздік қорын молайтуға арналған практикалық жаттығулар
Қазақ тілі мұғалімі Себенова А.С
3. Сюжеттік-рөлдік ойынды балаларға үйретуде тәрбиешінің рөлі
Мирзагалиева Г.А
Крыжановская Е.А
Нарбаева Г.Ж
4. Ұлттық құндылық -тәрбиенің негізі
Бахбергенова З.М
Умарова С.Е
Бисенгалиева Ж.Н

2024-2025 оқу жылының №3 педагогикалық кеңес отырысының шешімдерінің орындалу барысында балабақша меңгерушісі Д.Т.Туребаева мәлімдеме жасады. Баланың денсаулығы, даму және қозғалыс белсенділігі үнемі қадағаланып, физикалық дағдыларды дамыту ойындары қолдану барысында белсенділік көрсетті.

Бірінші мәселе бойынша :Балабақшадағы ұлттық ойындардың маңыздылығы туралы әдіскер Жанзакова Ж.Х баяндама оқыды. Ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге жеткен, өткеніміз бен бүгінгі байланыстарымыз – баға жетпес байлығымыз, асыл

казынамыз. Ұлттық ойындар балаларды шапшандыққа, алғырлыққа, батылдық пен жүйріктікке, елін, жерін қорғауға, салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелейді.

Екінші мәселе бойынша Тіл байлығы мен сөздік қорын молайтуға арналған практикалық жаттығулар туралы өз іс-тәжірибесімен қазақ тілі мұғалімі Себенова А.С бөлісті. Баланың сөздік қоры мен тіл байлығын дамыту үшін, балалар ойын барысында, ертенгілік өткізгенде әңгіме барысында және сабақтарда тілге дыбыстық талдау жасауға, әдеби шығармаларды мазмұндауға, суреттер мен ойыншықтар бойынша әңгімелеуге және берілген сөздерге синонимдер, антонимдерді іріктеп алуға үйренеді. Педагог бақылау, заттарды зертеу, жұмбақ шешу және құрастыру ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Осылар арқылы бала топ жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда педагог өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе түсін, қасиетін есіне сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Үшінші мәселе бойынша Сюжеттік-рөлдік ойынды балаларға үйретуде тәрбиешінің рөлі туралы баяндамашылар Мирзагалиева Г.А, Крыжановская Е.А, Нарбаева Г.Ж. бейнеролик түсіру арқылы өз іс-тәжірибесімен бөлісті. *Сюжеттік - рөлдік ойын «Отбасы»
Мақсаты: Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.

Төртінші мәселе бойынша “Ұлттық құндылық - тәрбиенің негізі” тақырыбында баяндамашылар Бахбергенова З.М, Умарова С.Е, Бисенгалиева Ж.Н оқыды. Ұлттық құндылықтарға байланысты презентация көрсету арқылы өз іс- тәжірибесімен бөлісті. Ұлттық ойындар - ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатыр-ған байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, ұлттық ойындар-ды үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайық-тары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық - Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар

Себенова А.С

**МКҚК №20 “Дидар” балабақшасының
2024-2025 оқу жылының
№ 5 қорытынды педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

Күні: 29 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 18.00

Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жармеңкесі

Тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемедегі барлық тәрбие-білім беру іс-әрекеттерінің, сонымен қатар әрбір педагогтың жеке кәсіби жұмыстарының жыл бойғы қорытындысын шығару

✓ Қатысушылары:

- Меңгеруші
- Әдіскер
- Барлық тәрбиешілер
- Мамандар (музыка жетекшісі, дене тәрбиесі нұсқаушысы, психолог, қазақ тілі мұғалімі)

Өту барысы:

1. Балабақша меңгерушісі қорытынды педагогикалық кеңесті ашып беруі

Жыл басында белгіленген іс-шаралардың орындалу барысы талданды. Мақсатты көрсеткіштерге жету нәтижелері туралы қысқаша шолу жасалды. Педагогтармен орындалған әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар аталып өтті

2. Педагогтардың жыл бойы жасалған жұмыстар бойынша есебі

Баяндамашылар: Барлық педагогтер

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізген оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін таныстырды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ата-аналармен жұмыс, шығармашылық жұмыстар, диагностикалық нәтижелер қамтылды. Жетістіктер мен жетілдіруді қажет ететін тұстар талқыланды. Жылдың басында алдарына қойылған мақсаттардың орындалуын талқылады.

3. Тренинг-жаттығу: «Бір жылғы жетістігімізді қорытындылайық»

Жүргізуші: Әдіскер

Мақсаты: Педагогтердің жыл бойы атқарған еңбектерін ұжымдық талдау арқылы

жағымды эмоционалды ахуал қалыптастыру

Тренинг форматы:

«Жетістіктер тізбегі» – әр педагог жетістігін атап, стикерге жазып, тақтаға жапсырады

«Жүрек...» жаттығуы – әр педагог жыл ішіндегі басты мақтанышын айтып өтеді

Қорытынды: әдіскер әрбір педагогтің атқарған ісін қысқаша оң бағамен түйіндейді

4. 2024–2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Баяндамашы: Әдіскер

Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, дене және эмоционалды құзыреттіліктері бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды. Топтар бойынша құзыреттілік деңгейлері диаграмма арқылы көрсетілді. Диагностиканың негізінде келесі оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер қарастырылды

5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Жетекшілік: Меңгеруші мен әдіскер

Педагогтерге аттестациядан өту талаптары түсіндірілді. 2025–2026 оқу жылына өтініш қабылдау мерзімдері айтылды. Портфолио жинақтау бойынша кеңестер берілді

6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Жетекшілік: Меңгеруші Түребаева Д.Т және әдіскер Жанзакова Ж.Х

Жаз мезгіліндегі серуендер, экскурсиялар, денсаулық сақтау шаралары, ойындар, спорттық іс-шаралар жоспары таныстырылды. Әр топтың тәрбиешісі мен жауапты тұлғалары бекітілді. Қауіпсіздік шараларын сақтау, ата-аналармен байланыс және ауа райы жағдайына сай баламалы жоспар жасау мәселелері қаралды

Шешімі :

1. №4 педкенестегі шешімдердің орындалуы “қанағаттанарлық” деп танылсын.
2. Барлық педагогтер өз есебін сәтті қорғап шықты. Жыл қорытындысы оң нәтижелі деп бағалансын.
3. Құзыреттілік диагностикасының нәтижесі негізінде келесі оқу жылына нақты ұсыныстар дайындалсын.
4. Аттестациядан өтуге ниетті педагогтер тізімі 2025 жылдың маусымына дейін толық бекітілсін.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілді, орындалуы үнемі бақылауда болсын.

Төрайымы:



Туребаева Д.Т

Хатшы:

Себенова А.С